

4. Журавлева О. Б. Управление интернет-обучением в высшей школе / О. Б. Журавлева, Б. И. Крук, Е. Г. Соломина; Под ред. Б. И. Крука. — М.: Горячая линия — Телеком, 2007. — 224 с.
5. Лебедева М. Б. Дистанционные образовательные технологии: проектирование и реализация учебных курсов / М. Б. Лебедева, С. В. Агапонов, М. А. Горюнова и др.; Под общ. ред. М. Б. Лебедевой. — СПб.: БХВ-Петербург, 2010. — 336 с.
6. Олейникова О. Н. Модульные технологии: проектирование и разработка образовательных программ: учебное пособие / О. Н. Олейникова, А. А. Муравьева, Ю. Н. Коновалов, Е. В. Сартакова. — М.: Альфа-М; ИНФРА-М, 2010. — 256 с.
7. Осин А. В. Открытые образовательные модульные мультимедиа системы / А. В. Осин. — М.: Агенство «Издательский сервис», 2010. — 328 с.

Шахина С.Ж.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ
қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.

ТІЛ ҰСТАРТУДЫ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫМЕН ҰШТАСТЫРУ

Тіл дегеніміз – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау құралы. [1, 307]. Тілдің осы аталған коммуникативтік функциясы жеке сөз арқылы емес, сөйлем арқылы іске асады. Ойды байланысты түрде басқаға жеткізу, тіл үйренушіде қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастыру сөйлем құрайтын негізгі тұлғаларды оқытумен тікелей байланысты.

Бұл мәселеде ХХІ ғасырдың жастарына оқу-білім арқылы жаңашыл әдістермен танымдық сабақтар жүргізудің пайдасы зор. Соның бірі өзге тілді аудиторияда туған жер мәселесіне байланысты өткізілген практикалық сабақ барысын көпшіліктің назарына ұсынып, тәжірибемізбен бөлісуді жөн санадық.

Жалпы өзге тілді аудиториялардағы тіл ұстарту жұмыстары мәтіндер арқылы жүзеге асады. Бұл тұрғыда өзге ұлт өкілдерін қазақша сөйлеуге үйретуде көбіне-көп жаңа сөздер, сөз тіркестері мен сөйлем түрлерін қолданамыз және сабақ барысында осы мәселеге жиі назар аударамыз.

Бұл туралы лингвист-ғалымдарымыздың теориялық еңбектерінде мынадай пікірлер бар:

1. «Сөздер өзара тіркесу арқылы сөйлем құрамына енеді. Сондықтан сөз тіркестері – сөйлем құраудың шоғырланған материалдары» [2]

2.«Сөз тіркесінің де, сөйлемнің де лексика – грамматикалық элементі – сөз. Оның өзгеруі, басқа сөзбен байланысып жұмсалуды сөйлемде (контексте) ғана анықталады. Бұл, жеке сөздер мен тұрақты сөз тіркестері сияқты сөйлем құраудың материалы болады» [3]

3.«Сөздер өзара тіркесе келіп, бір тұтас сөйлем құрайды... [4]

Көріп отырғанымыздай, ойды білдіру сөйлеммен байланысты, ал *сөйлем мәтінде* іске асады. Сондықтан әр сабақ барысында сөз етіліп отырған тілдік бірліктердің өзіндік ерекшеліктеріне баса назар аударамыз. Бұл заңдылық – тіл ұстартудың бірден-бір жолы.

Сонымен, тақырыбымызға орай өзге тілді аудиторияда мәтін арқылы жүргізілетін тіл ұстарту мәселесіне тоқталсақ.

Сабақ тақырыбы: Менің туған жерім.

Сабақ мақсаты: I. Білімділік: Тіл үйренушіге өзінің туған жері, елі, мекені туралы түсінік беру. II. Дамытушылық: а) Мәтін мазмұнына сәйкес туған жер ұғымына балама бола алатын сөздердің синонимдік қатарын анықтап, олардың мағыналарына талдау жасау барысында тіл үйренушінің ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын молайту, қазақша сөйлеу қабілетін арттыру; ә) Өздік жұмыстарын орындату арқылы, шығармашылық қабілетін дамыту. III. Тәрбиелік: Жастарды туған елін, Отанын, халқын құрметтеуге тәрбиелеу.

Қазіргі кездегі жаңаша оқытудың бір тәсілі видео мәтінді тыңдау және түсіну болып табылады. Әдістемеші ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, видео және аудиоматериалдар сабақта мынадай мақсатта қолданылады: біріншіден, қажетті ақпаратты нақты және күшті әсерлілікпен жеткізеді; екіншіден, үйренушінің бақылаушылығын және талдау дағдысын жетілдіреді; үшіншіден, өз пікірін, ойын тұжырымдап айтуға көмектеседі [5].

Сабақта қолданылған видеоматериалды бағдарламаға сай алдын ала даярлап жоспарладық. Сонымен, «Менің туған жерім - Егеменді Қазақстан» атты видеоматериалды экран арқылы үйренушінің назарына ұсынып, ондағы көргендерін сөздер тізбегі арқылы (кластер әдісі) дәптерге жазып отыру, яғни туған жер ұғымын толықтыру және оларды аудару жұмыстары тапсырылды.

Тапсырма оң нәтижесін берді. (Мысалы, Қазақстан, туған жер, азамат, астана, қала, рәміз, тау, өзен-көл, табиғат, құрылыс, үй, ескерткіш және т.т.).

Келесі кезекте видеоматериалдың мазмұнын ашу үшін топ студенттері дәптерлеріне жазған сөздерді қатыстыра отырып, сөйлемдер құрап, өз ойларын ортаға салады, бір-біріне сұрақтар қойып, сұхбаттасады.

Тіл үйренушінің сөздік қорын одан ары толықтыру мақсатында берілген, мысалы, «туған жер» сөзін септеу, септелген сөздерден сөз тіркестерін құрастыру, сөз тіркестерінен сөйлемдер құрастыру тәрізді өздік жұмыстары да тиінақты орындалды. Айталық:

- А.туған жер (родная земля)
- І.туған жердің (родной земли)
- Б.туған жерге (родной земле)
- Т.туған жерді (родную землю)
- Ж.туған жерде (в родной земле)
- Ш.туған жерден (из родной земли)
- К.туған жермен (с родной землей)

Сөз тіркестері:

- А.таңғажайып туған жер, менің туған жерім
- І.туған жердің (табиғаты, азаматы, тауы)
- Б.туған жерге (бару, оралу, құрмет көрсету)
- Т.туған жерді (сүйю, құрметтеу, жырлау)
- Ж.туған жерде (тұру, өсу, білім алу, еңбек ету)
- Ш.туған жерден (келу, шығу, кету)
- К.туған жермен (мақтану, байланысты,)

Сөйлемдер:

Менің туып-өскен туған жерім–Қарағанды қаласы. Туған жерімнің азаматы ретінде адал қызмет етемін. Менің туған жерімнің табиғаты керемет. Туған жерді көптеген ақындар жырлаған. Туған жерде білім алып, еңбек еткім келеді. Туған жерден келген досымды қуана қарсы алдым. Таңғажайып туған жеріммен мақтанамын.

Тақырыпқа сай оқылымға негізделген мәтіннің қысқаша мазмұны төмендегідей:

Туған жерім – Қазақстан

Адам баласына туған жер, ел, атамекен, атажұрт, Отан - деген ұғымдар өте жақын.

Атамекен – туған халқының, ұлтының, азаматының мекен еткен, ата-бабасының қоныс тепкен жері.

Туған жер – әр адамның дүние есігін ашып, өмірге келген жері. Адамның болашағы да, өткені де туған жермен тығыз байланыста болады. Әр азамат өз туған жерін мақтан етеді, қадір тұтады.

Туған жердің қадірін үйінен ұзаққа кеткен адам ғана түсінеді. Әр адам өз туған жерін құрметтеуі керек. Туған ел, жер туралы ақын-жазушылар шығармалар мен өлеңдер, әндер мен жырлар жазған. Елін, жерін сүйетін адам өз еліне адал қызмет етіп, оның жарқын болашағына сенеді. Отанын қастерлеп, білімі мен еңбегін елінің мүддесі мен игілігіне жұмсайды. Туған жерін қорғау – әр азаматтың міндеті, азаматтық борышы болып саналады.

Біздің Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Қазақстан – қазақ халқының мекені. Қазақстанның даласы дархан, топырағы қасиетті, қойнауы қазыналы, халқы қонақжай. Мен өз туған жерімді, өскен жерімді, Қазақстанымды мақтан тұтамын.

Тілді оқып үйрену лексикалық материалды яғни, мәтінді игерумен шектелмейді. Бұл ретте тіл ұстарту жұмыстарын жағдаяттық тапсырмалармен ұштастырамыз. Ол үшін «азаматтық құқық» сөз тіркесінің құрамындағы «азаматтық» сөзінің сындық мағынада жұмсалып тұрғандығын сұрақ қою арқылы (қандай?) анықтап, аталған сөздің басқа да сөздермен тіркесе алу қабілеті мысалдар арқылы дәлелденеді. Айталық, тіл үйренушілер «азаматтық міндет», «азаматтық іс», «азаматтық намыс», «азаматтық парыз», «азаматтық борыш», «азаматтық қорғаныс», «азаматтық іс», деген сөздердің мағыналарын қалай түсінетіндіктерін өз сөздерімен айтып берулері керек.

Келесі тапсырманың шарты бойынша білім алушылар «Азаматтық құқық» атты видеоматериалды үш рет тыңдау барысында біріншіден, айтылған ақпараттың мағынасын түсініп, екіншіден, мәтінде берілген мына тәрізді жана сөздердің аудармасын тауып, дәптерлеріне жазып қоюлары тиіс. Мысалы:

Жаңа сөздер:

азаматтық құқық - гражданское право

мүліктік қатынастар – имущественные отношения
жеке қатынастар – личные отношения
материалдық игіліктер – материальные блага
мұраға қалдыру – оставить в наследство
бағалы қағаз – ценные бумаги
жалға беру – сдавать в аренду
авторлық құқықты қорғау – защита авторских прав
адам денсаулығы – здоровье человека
тұрғын үй – жилой дом
авторлық құқық – авторское право

Үшіншіден, видеоматериалға сүйеніп, «Кім жылдам?» ойыны арқылы төмендегі берілген сұрақтарға жауап берулері тиіс:

1. Азаматтық құқық қандай заңдарда көрініс тапқан? (*азаматтық заңдарда*)
2. Азаматтық заңдармен қандай қатынастар реттеледі? (*мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастар*)
3. Мүліктік қатынастар қандай игіліктермен байланысты? (*материалдық игілікпен*)
4. Мүліктік қатынастарға нелер жатады? (*мүлікті, бағалы қағазды, ақшаны сату, сатып алу, жалға беру, мұраға қалдыру*)
5. Мүліктік қатынастар неше топқа бөлінеді? (*екі топқа*)
6. Мүліктік емес қатынастардың бірінші тобына қандай қатынастар жатады? (*мүліктік қатынастармен тығыз байланысты мүліктік емес жеке қатынастар*)
7. Мүліктік емес жеке қатынастардың екінші тобына қандай қатынастар жатады? (*мүліктік қатынастармен байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастар*)
8. Бірінші топтың негізін нелер құрайды? (*интеллектуалдық меншікпен байланысы бар қатынастар*)
9. Ғылыми еңбектің авторы өзінің авторлық құқығын қорғау барысында не алуға құқылы болады? (*қаламақы немесе сыйақы*)
10. Денсаулыққа келген зиянның орнын қандай нормалар реттейді? (*азаматтық құқықтық нормалар*)

Келесі зекте білім алушының сөздік қорын толықтыру үшін «азамат» сөзін септеп, септелген сөздерден сөз тіркестерін және сөйлемдер құрастыру жұмыстары да өз нәтижесін берді. Айталық:

- А. азамат (*білімді, іскер, шыншыл, әділ, ақылды, саналы, бәсекеге қабілетті*)
- І. азаматтың (*құқығы, білімі, намысы, парызы, міндеті, қабілеті, іс-әрекеті*)
- Б. азаматқа (*жүктеледі, тапсырылады, айтылады, беріледі*)
- Т. азаматты (*марапаттайды, қолдайды, кездестіреді, шақырады*)
- Ж. азаматта (*бар, жоқ, болады*)
- Ш. азаматтан (*сұралады, алады*)
- К. азаматпен (*сұхбаттасады, әңгімелеседі, келіседі*)

Септелген сөздерден мына тәрізді сөйлемдер құрастырылды: Жастардың міндеті – бәсекеге қабілетті азамат болу. Нағыз азамат деп сөзіне берік, ісіне адал азаматты айтамыз. Отанын қорғау – әр азаматтың борышы және т.б.

Тіл үйренушілерді топқа бөліп оқыту тиімді әдіс және мұндай жұмыстар үйренушінің қазақша сөйлеу дағдыларын саналы түрде қалыптастыруға, таным-түсінігін арттыруға мүмкіндік жасайды.

Сабактың келесі бөлімінде екі топ арасында (І топ «Азаматқа лайықты іс» және ІІ топ «Азаматқа лайықты емес іс» тақырыптары бойынша) өз ойларын ортаға салады. Бұл ретте «ПОПС» формуласын қолдануды жөн деп санадық. (Мысалы, Менің ойымша..., себебі..., мысалы..., қорыта келгенде...). Сол сияқты, кластер әдісін қолдану арқылы берілген тақырыптардың мағыналарына сәйкес ұғымдар жинақталады. Айталық: *Азаматқа лайықты іс*: туған жерін қорғау, қадірлеу, үлкенді сыйлау, саналы білім алу, шыншылдық, әділдік, рақымшылдық, шыдамдылық, жақсылық жасау, еңбекқорлық, бәсекеге қабілетті болу және т.б.

Азаматқа лайықты емес іс: өтірік айту, еріншектік, мақтаншақтық, жалқаулық, үлкенді сыйламау, жамандық жасау және т.б.

Қорыта келгенде, бүгінгі күні өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықтары артып келеді және осыған орай, тіл үйренушілер тарапынан қойылатын сұрақтар негізінен жоғарыда біз сөз етіп отырған мәселелерге, атап айтқанда, сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастыруға, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібіне қатысты туындап жатады. Сонымен қатар, өздік жұмыстары

мен жағдаяттық тапсырмаларды жиі орындатуға бейімдеу арқылы тіл үйренушінің қазақша таным-түсінігін молайтып, ой-өрісін жетілдіруге, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға әбден болатындығын күнделікті тәжірибеде көріп жүрміз. Сондықтан біздер, оқытушылар, осы мәселені басты назарда ұстауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы, 1996.
2. Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис. – Алматы: Ғылым, 1997
3. Төлегенов О. Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы модальді және мақсат мәнді жәй сөйлем типтері. – Алматы: Мектеп, 1998
4. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. – Астана, 2006
5. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Мұрагер, 2005 -154б.
6. Азаматтық құқық. М.К.Сүлейменов. Ю.Г.Басин. – Алматы, 2003.
7. ҚР Азаматтық Кодексі 05.06.2006ж. 159-бап, 11-тармақ

З.Н.Жуынтаева

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты

А.Р. Балапаш, магистрант

ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ СӨЗ ТІРКЕСІН ОҚЫТУ

Елдің дамуы, ертеңі-болашақ ұрпақ. Қазіргі заманның талабына сай болашақ ұрпақты саналы, бәсекеге қабілетті, жан-жақты үйлесімді етіп тәрбиелейтін, осы қасиеттерге ие қылдыратын – мұғалім.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін әр мұғалім өзі жаңа технологияларға ашық және икемді болу керек. Үнемі ізденісте болып, шығармашылыққа жақын, креативті, ұтқыр болуы маңызды рөл атқарады. Сабағын қызық өткізу үшін түрлі жаңа технологияларды сабағында қолданып, тиімдісін іріктейді [1].

XXI ғасырда сабақты қызықты, миға қонымды, жүйелі, тиімді өткізу үшін түрлі технологиялар пайда болып, сабақ барысында жүзеге асуда. Өзіндік ерекшелігімен мұғалімдердің назарына ілініп жүрген жаңа технологиялардың бірі-деңгейлеп оқыту технологиясы қазіргі кезде тиімді қолданылуда.

Деңгейлік идеясы шетелдердегі педагогика ғалымына 1920 жылдардың басында енген. Мысалы, жалпы Кеңестік педагогикада деңгейлік оқыту мәселесін Лошнова О.Б. «Деңгейлік саралап оқыту», Фирсов В.В. «Міндетті нәтижеге негіздеп деңгейлеп оқыту», Беспалько В.П. «Тапсырмалардың қиыншылығын есепке алу әрекетінің төрт деңгейі» ретінде қарастырылған.

Сондай-ақ, деңгейлеп саралап оқыту технологиясының дидактикалық, педагогикалық, психологиялық негіздемесі Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, Н.П.Гузиктің «Сынып ішіндегі деңгейлеп –саралап оқыту технологиясы» В.Занковтың дамыта оқыту жүйесі В.М.Монаховтың, В.П.Беспальконың және басқа да көптеген ғалымдардың ғылыми-теориялық идеяларына негізделіп жасалған [2, 26 б.].

Деңгейлеп оқыту идеясының авторларының бірі Н.П. Гузик сыныптағы білім алушыларды да, соған сәйкес оқу бағдарламаларын да А, В, С – үш деңгейге бөлуді ұсынды.

«А» бағдарламасындағы тапсырмалар базалық стандарт түрінде белгіленеді. Оларды орындай отырып білім алушы пән бойынша қайталау деңгейінде нақты материалды меңгереді.

«В» бағдарламасын орындамас бұрын «А» бағдарламасындағы тапсырмаларды әрбір білім алушы орындауға міндетті. «В» бағдарламасын қолдануға арналған жаттығуларды орындау үшін қажет, ол білім алушылардың оқу, ой-әрекетінің арнайы тәсілдерін меңгеруін қамтамасыз етеді. Сондықтан бұл бағдарламаға бірінші деңгейдегі материалды кеңейтетін, негізгі білімді дәлелдейтін, суреттейтін, нақтылайтын ұғымның қолданылуы мен жұмыс істеуін көрсететін қосымша мәліметтер енгізіледі.